25 қазан Республика күні!

Мақсаты: Балалардың туған елі – Қазақстан Республикасы туралы түсініктерін кеңейту, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

Білімділік: Балаларға Республика күні, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін, танымдық қызығушылығын, сөйлеу тілін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды отансүйгіштікке, елін, жерін сүюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Өткізілу барысы:

«Гауһар» бөбекжайында Республика күніне орай «Мен Отаныммен мақтанамын!» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Іс-шара барысында балаларға Қазақстан Республикасының тарихы, мемлекеттік рәміздері туралы мәліметтер берілді. Тақырыпқа сай сұрақ-жауаптар мен танымдық ойындар ұйымдастырылып, балалар өз білімдерін ортаға салды.

Танымдық сағат балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, туған еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етті.